

«Зияткер» мамандандырылған мектеп-лицейі

Қамқоршылық кеңес отырысы

Хаттама № 3

Өткізілген уақыты: 06.02. 2024 жыл

Отырыстың басталуы: 17.00 сағ.

Отырыстың аяқталуы: 17.50 сағ.

Қатысқаны: қамқоршылық кеңестің мүшелері -7

Күн тәртібінде:

1. 2024-2029 жылдарға арналған Мектептің даму бағдарламасы;
2. Мектептің күрделі жөндеу жұмыстары.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А. Омиржанова 2024-2029 жылдарға арналған Мектептің даму бағдарламасына тоқталды.

Мектептің миссиясы: Жаратылыстану-математика бағытында терең білім бере отырып, рухани, жаңашыл, әділетті орта негізінде дарынды оқушыны дамыту.

Мектептің мақсаты: Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға қолдау көрсету арқылы құндылыққа негізделген және іс-әрекеттік, тұлғаға бағытталған коммуникативті тәсілдер негізінде кәсіби бағыт-бағдар беруге ұмтылған тәрбие-білім ортасын құру.

Пайымы: Сапалы білім, әділетті ұрпақ - ұлт болашағы.

Мектептің міндеттері:

1. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту арқылы білім беруді басқаруды одан әрі ізгілендіру және демократияландыру;
2. Оқу-тәрбие үрдісінде оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасын дамытуды жүзеге асыру арқылы оқушылардың білім сапасының көтерілуіне ықпал ету;

3. Ғылымға деген қызығушылығын сақтау және дамыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;
4. Оқушылардың ғылыми жоба жарыстарына, пәндік олимпиадаларға, түрлі танымдық байқауларға қатысуын қамтамасыз ете отырып, дарынды тұлғаны дамыту;
5. Оқушыларға олардың бейімділіктері мен қызығушылықтарына сәйкес келетін қызмет салаларын анықтауға көмектесу арқылы кәсіптік бағдар беруді қамтамасыз ету.

Екінші мәселе бойынша мектептің күрделі жөндеу жұмыстары жайлы мектеп директоры А. Омиржанова алдағы уақыттағы жұмыстарға тоқталып өтті.

Шешім:

1. 2024-2029 жылдарға арналған Мектептің даму бағдарламасын Қарағанды облысы Оқу әдістемелік орталығына бекітуге ұсыну;
2. Мектептің күрделі жөндеу жұмыстары жайлы қамқоршылық кеңес мүшелеріне ақпарат беріп отыру.

Кеңес төрайымы



Кунарбекова М.М.

Хатшы

Ксан А.С.

Мүшелері:

Жакупова Бакыт Майдановна



Садыкова Гулниет Багдатовна




Шакирова Диана Буркитовна



Касенова Карина Кайратовна



Жуматова Рауаш Алтаевна



Искакова Толкын Нұрақымовна

